

Тәрбиелу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын -орталығы.

Тобы: «Балбебек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 29 наурыз - 02 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалардың қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кенестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс) Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атаяу. (коммуникативтік, танымдық-зияткерлік іс -әрекет)	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)	"Қыс" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарau. Мақсаты: Суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дәғдышландыру; Балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Кейір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Артикуляциялық аппаратты дамыту.	"Кім шақырганын тап" сөздік ойыны. Мақсаты: Есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту. Балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)	"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны. Мақсаты: Балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)

			(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет)		
Таңертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына ариалған)					
Таңертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына ариалған)	<p>Таңғы сәлемдесу. Мақсаты: балаларды жағымды көніл-куйге бөленуге тарту; қоршаган объектілерге көніл аудартып, жылы шыраймен қабылдауга тәрбиелеу.</p> <p>Сәлем саған, Аспаным! Сәлем саған, алтын Күн! (Колдарын көтеру) Сәлем саған, туған Жер! (Колдарымен жоғарыда үлкен шенбер салу) Сәлем, бұкіл Жер шарым! (Колдарын кілемге баяу түсіру) Сәлем, үлкен отбасым! Сәлем берді балашың!</p> <p>Тәбелерінде үлкен шенбер шығатындағ етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.</p> <p>(коммуникативтік, физикалық , әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)</p>				
Білім беру үйімінің кестесі бойынша үйімдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтал, бағытты өзгертуіп жүргіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (еңі 50 см) арқылы домалатуға үйрету; Койылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. (коммуникативтік, физикалық , іс -	Музыка Балалардың әнді тындаиды отырып, сипатын ажыратып, білу қабілетін дамыту; Өннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; Музыка әуенімен музикалық ыргақты құмылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; Дыбысты есту қабілеті мен зейінін	Дене шынықтыру Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа журу дағдыларын дамыту; Бір аяқтан бір аяққа секіру, тұра секіру; Допты алысқа лақтыруға үйрету; (коммуникативтік, физикалық , іс - әрекет)	Қазақ тілі Тазалық - денсаулық кепілі." Адам, оның дене мүшелері. Адам бетінің бөліктегі туралы. Адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; (коммуникативтік, шығармашылық іс - әрекет)	Дене шынықтыру Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; Допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; Қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру Және дене жаттығуларына қызығушылықтары н қалыптастыру. (коммуникативтік, физикалық , іс -

	әрекет)	дамыту. (коммуникативтік, физикалық, шығармашылық іс -әрекет)			әрекет)
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызыгушылықтарын тұтызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын күралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.(коммуникативтік, физикалық іс -әрекет)		
Серуен	<p>Көліктерді бақылау. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру. Көліктедің ары-бері багытта жүретінін байқату; Көліктедің дәнгелектері айналатыны туралы айтуда ынталандыру; Зейнін, ойлау қабілетін дамыту. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)</p> <p>«Торғай мен автомобильдер» қимылды ойны. Мақсаты: Балалардың сигнал бойынша жан-жакқа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; Жылдамдыққа, шашандыққа тәрбиелеу; Ойын сюжетіне ілесіп,</p>	<p>Қарды бақылау. Мақсаты : Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып. Оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үрету. (коммуникативтік, физикалық ,әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)</p> <p>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру. Тепе-тендікті сақтау қабілеттерін дамыту. (коммуникативтік, физикалық ,әлеуметтік-</p>	<p>Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауга үрету; Байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық ,әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)</p> <p>"Мысық пен тышқандар" қимылды ойны. Мақсаты: Балаларды сигналмен козғалу әдебіне үрету; Жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; Ептілікке, жылдамдыққа, шашандыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік, физикалық ,әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)</p> <p>"Жүрейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты: Балаларды саппен, бір-біrine соғылмай,</p>	<p>Күнді бақылау. Мақсаты: Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап. Жылу мен жарықты беруі туралы айтылыш жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; Күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар сонынан қайталайды. (коммуникативтік, физикалық ,танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p> <p>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: Балаларды саппен, бір-біrine соғылмай,</p>	<p>Коян ойыншығын бақылау (ақ коян). Мақсаты: Балалардың көнілін қоянның тоны ақ, күлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; Коянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктең, өздігінен жасауға ынталандыру. Жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. (коммуникативтік, физикалық ,танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p> <p>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: Балаларды допты</p>

	<p>торғайлардың қимылдарын сомдауга ынталандыру. (коммуникативтік, физикалық, әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>физикалық , әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет)</p> <p>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанана (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. (коммуникативтік, физикалық іс - әрекет)</p>	<p>эмоционалды іс - әрекет)</p> <p>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. (коммуникативтік, физикалық іс - әрекет)</p>	<p>белгілі бағытта ыргакпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру. Достыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. (коммуникативтік, физикалық , іс - әрекет)</p> <p>"Әткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: Балаларды шеңберге тұрыш, тақпак сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. (физикалық , әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>екі қолмен ұстауға жаттықтыру; Тепе-тендікті сактауға, ептілікке баулу. (коммуникативтік, физикалық , әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет)</p>
Серуенин оралу	<p>Балалардың үйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.</p> <p>Балалардың саппен топқа оралуы, салта екі-екіден жүру.</p> <p>Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бұктең қоюға қалыптастыру.(коммуникативтік, физикалық , танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>ойын-жаттығу Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [o], [ø] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру;</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және тенденстіруге үйрету; Заттар жүптарын түстастыру және</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды өзара ұжымдастып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; Алдын-ала боршамен салынған есімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып,</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуда үйрету; Музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін</p>	<p>ойын-жаттығу Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету. (әлеуметтік-</p>

	<p>Үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p> <p>Ұлттық ойын "Қазан" Асықтарды көлденен нысанана 3 метр қашықтықтан лақтырады Середен 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шебер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ женеді. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>	<p>беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; Заттарды он (сол) қолымен алғып, жолақтың сол жағынан бастап, он жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; Зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p> <p>оыйн-жаттығу Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>	<p>созылып жатқан үй өсімдіктерінің бүтәлары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуга үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p> <p>"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларды құстардың коректенуі туралы білімдерін бекіту; Қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; Есте сақтауды, зейінді, сойлеуді дамыту;</p>	<p>қалыптастыру; Музыка әуенімен ырғақты қымылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; Дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу (шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет) "Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Мақсаты: Балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; Ерік-жігерін, мақсатқа талшынуын тәрбиелеу. Түрлі заттар бейнелеу Тұтас суреттер болады: Жануарлар, өсімдіктер балаларды суреттермен таныстыру.</p>	<p>Эмоционалды танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p> <p>"Күлкіл маймылдар" театрландырылға и ойни. Мақсаты: Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>
--	---	--	--	--	--

		әрекет)			
Балалармен жеке жұмыс	Бірлікұлы Оспан Саусақ жаттығуы. Мақсаты: Балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. (физикалық шығармашылық танымдық-зияткерлік іс -әрекет)	Тоқтарбек Аяла, Ябс Елизавета Жұмбақтар шешу - Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)	Талғат Бақдәulet, Үйрысхан Бекарыс Сюжетті-ролдік ойын Мақсаты. Күрастырган күрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (шығармашылық ,танымдық-зияткерлік іс -әрекет)	Балалармен Санамақ Мақсаты. Саусақтарға арналған жаттығу. Бас бармақ -әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан түйрек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз /бесеуміз/ (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)	Бірлікұлы Оспан "Сейлем күрастыру" Мақсаты: Суреттер бойынша сездер, сөйлемдер, шағын әнгіме күрастыруға балаларды машиқтандыру; Байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сездік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сөздік корды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың музикалық қабілеттері туралы әнгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды қалай куантуға болады?"	Ата-аналарға кеңес. "Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану".	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; алта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әнгімелесу.	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; алта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әнгімелесу.

Тексерілді: *Ж.Ж.Жакенова*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айголек» шағын -орталығы.

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 05- 09 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен "Балаңызben қыста серуендеуді қалайша көнілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында кенестер беру; ата-аналарды мазалап журген сұрақтарға жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; Геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиенақтау, Есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; Өзі жасаған нәтижени көріп, қуануға үрету. (тәнімдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Мақсаты: Балалардың байқағыштығын . Суретте бейнеленген заттардың үқастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; Сөздік қорларын жетілдіру: Ұқас, әртүрлі, бірдей. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>"Еңбек құралдарын ата" дидактикалық ойын. Мақсаты: Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау.</p>	<p>"Мозаика" үстел ойыны. Мақсаты: Балалардың көзбен қабылдау. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Геометриялық пішіндерден салынған, Көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу. Көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру. (шығармашылық тәнімдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>"Дүкенші" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөлініп ойнауга үрету және оларды айыра білуге баулу. Дүкенші суретін бояу. (әлеуметтік-эмоционалды, Шығармашылық коммуникативтік іс -әрекет)</p>
		<p>"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік</p>	<p>Еңбек құралдарының суретін бояу.</p>	<p>"Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсаты: Балаларды заттарды қолдануда қателерді</p>	

	<p>"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру. Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы үғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, коршаған заттардың қасиеттерін байқауға кызықтыру. (шығармашылық тәнімдік-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>жаттығу. Мақсаты: Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі үғымдарын қалыптастыру. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік, шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы турали түсініктерін тиянақтау Қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік корды жетілдіру; Есте сақтау, ойлау, сейлеуді қабілеттерін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>.</p>	<p>көре білуге үйрету; Байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; Еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)</p>
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Мақсаты: Балаларға эмоционалды жағымды көзіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір тұған ағам бар, Бір тұған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Білім беру үйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап.</p>	<p>Музыка Балаларды жаңа әнді тыңдал, оның сипатын ажыратса білуге үйрету;</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру;</p>	<p>Қазақ тілі «Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Үйдистар.</p> <p>Мақсаты. -</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60 сек.)</p>

	<p>Бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; Бір орында тұрып, арқаннан біккесекіріп, жерге табанмен тұсуге үрету. Физикалық касиеттерін дамыту. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; Әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; Ыргактық қымылдарды үйлесімді жасай білуге дағыландыру; (шығармашылық әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Тура нысанға оң қолмен тік нысанага көздең лақтыруға үрету; Дене шынықтыру жабдықтары мен куралдарын пайдалану. Кызығушылықтарын арттыру. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>«Ыңдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; Есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үрету. (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік, шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>карқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу куралдарын орнымен қолдануға баулу. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Серуен	<p>Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). Мақсаты: Балалардың табигат күбылышы. Қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; Қардың қайда жатқанына көніл аударып. Айтуға ынталандыру. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Қыскы ауа райын бақылау. Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру. Қыстың ауа райы бүлтті және ашық, сұық болуына көніл аудару. Адамдардың жылы киінгенін байқату; Зейінді, ойлау. (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Қарды бақылау (қардың түсі). Мақсаты: Балалардың табигат күбылышы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, Қардың жеңіл мамықтай үшқанын байқату; Зейінін, түйсігін дамыту.</p>	<p>Желді бақылау. Мақсаты: Балаларды ағаштың бұталарына қараң, желдің соғуыш байқауға үрету; Байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Бірге әрекет етуге баулу. (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет) "Пойыз" қымылды ойыны. Мақсаты:</p>	<p>Күнді бақылау. Мақсаты: Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап. Қолдарын жайыш, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; Күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Балаларға күннің жерге жарықты</p>

	<p>"Кім тыныш?" қымылды ойыны. Мақсаты: Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үрету. Аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп кимылдау дағдыларын қалыптастыру; (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>"Машиналар жүреді" қымылды ойыны. Мақсаты: Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қымылдарды жасауға үрету; Топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; Жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Түстерді ажырату. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет) "Қарлы жолдарды басайық" қымылды жаттығуы. Мақсаты: Балалардың сапта тузы бағытпен жүріп, Екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру: Тепе-тендікті сақтау қабілеттерін дамыту, - Бұлшық еттерін шымыр ету. Жүрейік, (физикалық шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үрету; Өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>шашқаны. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет) "Сағаттар" қымылды жаттығуы. Мақсаты: -Балаларды сигналмен белгілі қымылдарды жасауға жаттықтыру; Сигнал бойынша сапқа жинальш, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру., Кеңістікті бағдарлауға үрету; Сағаттың журісі туралы алғашқы ұфымдарды қалыптастыру. (тәнімдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)</p>
Серуенинен оралу	<p>Балалардың үйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел усті)	ойын-жаттығу Балаларды көк қарындаш арқылы көлденен жатқан	ойын-жаттығу Балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып,	ойын-жаттығу Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша	ойын-жаттығулар Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру.	ойын-жаттығу Орман жануарлары туралы ұфымдарын кеңейте отырып.

<p>Мындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қаралу және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>қағаздың екі жағында тіке сзықты жүргізіп. Төменгі шеттерін тұзу және доғалы сзықпен косып.</p> <p>Арасын қыска, тұзу, тіке сзықтар қатарымен толтырып, тарақ бейнесін салуга үйрету.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Шаштараз".</p> <p>Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Балаларды шаштараз кәсібімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениетін дамыту. -Балалардың сөздік корын кенейту.(әлеуметтік-эмоционалды физикалық,коммуникативтік іс -әрекет) 	<p>оларды көркем шығармашылыққа баулу;</p> <p>Ертеңі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуда жаттықтыру.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>"Үй құрылышы" сюжетті-рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балалардың үй құрылышы жайындағы түсініктерін тиянақтау;</p> <p>Қол моторикасын, ой-қиялын дамыту;</p> <p>Достық қарым-қатынастарға, еңбеккорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>салыстыруға және тенденстіруге үйрету;</p> <p>Заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру;</p> <p>Заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру;</p> <p>Зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>(танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Жүргізуші".</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Жүргізушінің жұмысы туралы білімдер мен дағдыларды бекіту.</p> <p>Ойынға деген қызығушылықты дамыту.</p> <p>Жүргізушінің жұмысына деген құрметтін арттыру.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Киімді түймемен түймеледің маңызы туралы түсініктер беру;</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Шығармашылықты дамыту.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс -әрекет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Емхана".</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балалардың рөлдерді қабылдау қабілетін дамыту бойынша медицина қызметінің мәнін ашу.</p> <p>Ойынға деген қызығушылықты дамыту.</p> <p>Балалардың арасында жағымды қатынастарды қалыптастыру.</p> <p>Дәрігердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>
---	--	--	---	--

			никативтік іс - әрекет)		
Балалармен жеке жұмыс	Ырысхан Бекарыс "Танқист" тақпағын айтқызу. Мақсаты: Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. (элеуметтік- эмоционалды , коммуникативтік іс - әрекет)	Балалармен Санамақ айтқызу. (Ермек Өтетілеуов) Жиналған соң достары, Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: (элеуметтік- эмоционалды, тәнымдық- зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)	Тоқтарбек Аяла "Пошташы" Тақпағын айтқызу. Мақсаты: Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. (шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	Талғат Бақдәulet, Ябс Елизавета "Сейлем құрастыру" Мақсаты: Суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер. Шагын әнгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; Байланыстырып сейлеу қабілетін дамыту. (шығармашылық, физикалық іс - әрекет)	Бірлікұлы Оспан "Құрылышы" Тақпағын айтқызу. Мақсаты: Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. (элеуметтік- эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жақсы көңіл-күймен шығарып салу.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Тексерілді: *Жаныбай* Ж.Ж.Жакенова

Тәрбиелу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айголек» шағын -орталығы.

Тобы: «Балбебек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12- 16 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Лото" үстел ойыны. Мақсаты: Балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинаиды. (шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша үқсастықтарын байқауға үйрету; Байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. (танимдық-зияткерлік, шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	"Ақылды қоліктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілтуде қоліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; Истейтін қызметтеріне қарай қоліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	"Біздің көмекшілеріміз не?" үстел-үсті ойыны. Мақсаты: Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	"Би билеген баламыз" жаттығуы. Мақсаты: Балалардың жағымды эмоцияларын, дene мүшелерін дамыту.. Жаттығу жасап көреміз. Шапшандығын дамыту. Физикалық қасиеттерін дамыту. (шығармашылық, коммуникативтік, физикалық іс -әрекет)
Таңертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені №1 (ақпан айына)				
Ұйымдастырылған	Шаттық шенбері				

іс-әрекетке дайындық	Балаларга эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балалар=га бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу. Арайлан таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар!(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)				
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; Отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып, қуыш жетуге үйрету; Койылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүргүре жаттықтыру. (физикалық, коммуникативтік, іс -әрекет)	Музыка Балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдал, оның сипатын ажыратпа білуге үйрету; Әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; Әнді дұрыс айтуға және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту. (шығармашылық, коммуникативтік, іс -әрекет)	Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; Көлденең қойылған нысанага затты лактыруды үйрету; Балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. (физикалық, коммуникативтік, іс -әрекет)	Қазақ тілі Тұрмыстық техниканың түрлері туралы. Тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: Үтікпен кім үтіктейді, шансорғыш шаң жинайды, кір жуу машинасымен кір жуылады және тағы басқа. - Электр құрылғылары және қауіпсіздік ережелерін бекіту. (коммуникативтік әлеуметтік-зияткерлік іс -әрекет)	Дене шынықтыру Балаларда екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуыш жету жаттығуын және қойылған заттар арасынан "кірпі" секілді төрт тағандап жүру техникаларын бекіту; гимнастикалық шенбердің арасынан өту іскерліктерін дамыту. (физикалық, коммуникативтік, іс -әрекет)
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау.				
Серуен	Адамның жүру және секіру қимылдарын	Бағдаршамды бақылау.	Ауладағы құстарды бақылау	Жүргіншілерді бақылау.	"Қырауды бақылау."

<p>бақылау.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балалардың назарын адамның жүру. Секіру кимылдарының ерекшеліктеріне аудару; Жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату;</p> <p>Кимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. (физикалық, коммуникативтік, іс -әрекет)</p> <p>"Біз көнілді баламыз" кимылды жаттығуы.</p> <p>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, Жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. (физикалық, коммуникативтік, іс -әрекет)</p> <p>"Өз орнынды тап" кимылды ойны.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларды сапға (тұзу сыйық, жіп бойына)</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>Балаларга бағдаршам туралы ұғым беру. Бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жаңып, көше қозғалысына әсер ететінін байқату; Байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>"Машиналар жүреді" кимылды ойны.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес кимылдарды жасауға үйрету; Топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; Жағымды әсерлерге беленуге тәрбиелеу. (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды)</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>Балалардың құстардың шиқылдаған дыбыстарын тындауға ынталандыру; Кұстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет) "Қораз" кимылды жаттығуы.</p> <p>"Машиналар жүреді" кимылды ойны.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес кимылдарды жасауға үйрету; Топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; Жағымды әсерлерге беленуге тәрбиелеу. (физикалық, әлеуметтік-эмоционалды)</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>Балалардың назарын көшпеде өткен адамдардың кимылдарына аударту, Ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; Адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға белене білу қабілетін арттыру (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Кимылды ойны.</p> <p>"Пингвиндер сапта жүреді".</p> <p>Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлауға үйрету;</p> <p>Пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру,</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>Балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет) Кимылды ойын. «Ақ қоян».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Кимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>"Допты қағып ал" кимылды жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: - Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-тендікті сақтауға, ептілікке баулу. (физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды іс -әрекет)</p>
---	---	---	---	--

	<p>сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; Зейінді болуға, шашшандыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>(физикалық, коммуникативтік, танымдық-зияткерлікіс -әрекет)</p>	<p>коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларда нысананаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p> <p>(физикалық, танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>		<p>әрекет)</p> <p>"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" кимылды жаттығуы.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларды шашшандыққа, дәлдікке, қоршаган кеністікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>(физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>әрекет)</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.</p> <p>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды екі түрлі зат топтарын салыстыруды түстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету</p> <p>Салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету;</p> <p>Жазықтықтағы сол жақты, оң жақты, ортасын, жоғары, төмен жақтарын анықтап.</p> <p>Жаттығулар орындауға үйрету;</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ойлау қабілетін</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды кірпіштерді, білеулерді өзара түрлі орналастырып, диванды жасауда үйрету;</p> <p>Кірпіштің қасиеттерін іс-тәжірибелеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеуде жасауда үйрету.</p> <p>(шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажыратада үйрету;</p> <p>Ән айту кезінде әуениң мағынасын түсіне отырып, Эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру;</p> <p>Би элементтерін музыка ыргағына сай уйлесімді жасайды.</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды қылқалам арқылы шеңбер сұлбасының бойын. Арасына бірдей қашықтықты сақтап жақпалармен безендіруге үйрету.</p> <p>Балаларды шығармашылыққа дағдыландыру.</p> <p>Ой қабілеттерін дамыту.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балалардың қардың және трактордың ерекшеліктері туралы ұғымдарын көздеңде отырып, балалардың қаралайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыландыру.</p> <p>Ой қабілеттерін дамыту.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>

	<p>дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет) Ұлттық ойын "Арқан тарту" Бұл екі топқа белінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа белінген балалар тартысады. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу Балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; Үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін көңеңтү; Улкендердің үтікпен жұмыс істеу әрекетін бақылау дағдыларын жетілдіру; Техника және адам туралы ұғым беру. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>білуге жаттықтыру; (шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойны: "Отбасы". Мақсаты: ойынга деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Ұлттық ойын "Киіз үй" Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық койылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» күрады: Орамалдың бүршынан ұстап жоғары көтереді.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Зейінді дамытуға ариалған жаттығу. "Кімділдарды қайталаймыз". Аталған ойының тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір кимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық кимділдарды қайталайды. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен Жаңылтпаштар айту 1) Алға-алға алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар. 2) Тактақ жаттап, Айтсақ жақсы-ак. Жатқа тақтақ, Жатта тақ-так. 3) Ата мен әже, ана да, Алма мен алмұрт тереді, Ауырга Арман бала да, Арбамен тасып береді. (әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық,</p>	<p>Токтарбек Аяла Бұрысхан Бекарыс Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау). Томпан-томпан басады. Қорбаң-қорбаң корбандал, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біrine қарсы салып,</p>	<p>Талғат Бақдәulet Бірлікұлы Оспан Сөйлем құрастыру". Мақсаты: Суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; Байланыстырып сейлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы көңеңтү,</p>	<p>Ябс Елизавета Жұмбактар Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын үрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон) Іші салқын, мұзы бар, Күнкей қашқан қой сынды, Жыльда тез бұзылар, Барша тағам тығылар. (Тоңазытқыш) Тоққа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық</p>	<p>Талғат Бақдәulet Бірлікұлы Оспан Токтарбек Аяла Санамақ Төртеу санның көркі екен. Төрт аяқпен жануар, Стол, төсек... тағы бар.. Төрт аяқпен нық тұрап, Төрт бірлікті ұқтырац. Бес дегеннің цифры, Қарал тұрсаң оп-օнай. Үштің басын</p>

	коммуникативтік іс - әрекет) алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе - қашады. (саусактарды алға қарату, кезекпен соққылау) (әлеуметтік- эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	(әлеуметтік- эмоционалды шығармашылық,ко ммуникативтік іс - әрекет)	Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып.(Үтік) Кір-кокысты сүймейді, Сыртқа күш сүйрейді.(Сыпырғыш) (әлеуметтік- эмоционалды шығармашылық, коммуникативтік іс - әрекет)	кайырып, Қоя салған жай бұрап. Ә. Табылдиев (тәнімдық- зияткерлік шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес. "Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы".	Психолог кеңесі: "Бала тілін дамыту".	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; алта такырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; алта такырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

Тексерілді: *Ж.Ж.Жакенова.*

Тәрбиелу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айголек» шағын -орталығы.

Тобы: «Балбебек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 19- 23 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жума
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.(физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)				
Ата-аналармен әнгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әнгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)	<p>Құрылые ойындары: Мақсаты: Спорт алаңын күрастыру", "Куыршакқа арналған спорт алаңы". (физикалық, шығармашылық іс -әрекет)</p> <p>"Мен қандай спортпен шұғылдана тынымды тауып көрші" Мақсаты: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Суреттер қарастыру. Мақсаты. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау.</p> <p>Суреттер бойынша әнгімелесу. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>"Денсаулық" және "спорт" туралы әнгімелесу. "Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: дene мүшелер жайлы білімдерін толықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әнгімелесу. (шығармашылық, физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)

Таңертенгі жаттығу кешені №2 (ақпай айына ариалған)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Таңғы сәлемдесу. Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.</p> <p>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А. (әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап. Бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; Отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуыш жетуге үйрету.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Музыка Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдалап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; Әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; Әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; Ырғактық қимылдарды тез қабылдауын және әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту;</p> <p>(шығармашылық коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып.</p> <p>Орнынан тұрып қуыш жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту;</p> <p>(физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Қазақ тілі «Азық-тұлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтапқ. Бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; Балаларда бір орнынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылсысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Серуен	<p>Қарғаны бақылау. Мақсаты: Қарға жайлы</p>	<p>Мақсаты: Табигаттағы маусымдық өзгерістер туралы</p>	<p>Қоныр түсті қағаз бетіне таяқшамен таңба басу әдісімен</p>	<p>Қыс жайлы суреттердің мазмұны бойынша қойылған</p>	<p>Табигат бұрышындағы есімдіктерге күтім</p>

	<p>білімдерін кеңейту; (элеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қымыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар".</p> <p>Мақсаты: Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.</p> <p>(элеуметтік-эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасату.</p> <p>(элеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>кар түйірлерін салу (шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p> <p>Дидактикалық ойын «Сыңарын тап»</p> <p>Мақсаты: Балаларды берілген суреттердің сынарын табуға үйрету</p> <p>(танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>сұрақтарға жауап беруді дамыту (элеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Балалардың дербес әрекеттері</p> <p>Қар қалай ериды зерттеу жұмысын үйлемдастыру</p> <p>(шығармашылық, элеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>жасауды үйрету (элеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қымылды ойын «Кім жылдам»</p> <p>Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету</p> <p>(физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>
Серуенниен оралу	Балалардың үйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру,</p> <p>Көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру</p> <p>Затты сипаттау тәртібін бекіту.</p> <p>(элеуметтік-эмоционалды физикалық,</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сзыық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру;</p> <p>Текшени салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сзыықтардың үстінгі және төменгі үштарын көлденең</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды геометриялық пішінді заттарды ұлkenінен бастап .</p> <p>Кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, Кезекпен жапсыруга үйрету;</p> <p>Геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру .</p> <p>Амалдары жөнінде</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету;</p> <p>Заттарды он (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, он жағына</p>	<p>оыйн-жаттығу</p> <p>Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу;</p> <p>Ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауга үйрету.</p> <p>(элеуметтік-эмоционалды коммуникативтік</p>

	<p>коммуникативтік іс - әрекет)</p> <p>"Аурухана" сюжетті- рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс- әрекеттері туралы білімдерін бекіту^d жалғастыру, күралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. (әлеуметтік- эмоционалды коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>түзу сзықпен қосуға үйрету. (тәнімдик- зияткерлік, коммуни- кативтік іс - әрекет)</p> <p>Ұлттық ойын "Соқыр теке" Балалар дәнгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. (әлеуметтік- эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>білімдерін бекіту. (әлеуметтік- эмоционалды тәнімдик- зияткерлік коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>қарай салу тәсіліне жаттықтыру; Көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. (әлеуметтік- эмоционалды тәнімдик- зияткерлік, коммуник- ативтік іс -әрекет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық". Мақсаты ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды кальпастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (әлеуметтік- эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>іс -әрекет)</p> <p>оыйн-жаттығу Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын кальпастыру; Ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. (әлеуметтік- эмоционалды физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Балалармен Саусақ жаттығуы. "Дәрүмендер". Сәбізді алыш тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды). Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа</p>	<p>Талғат Бақдәулет Сейлем құрастыру". Мақсаты: Суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шагын әнгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; Байланыстырып</p>	<p>Бірлікұлы Оспан, Ырысхан Бекарыс " Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсаты: Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ыргағына сай орындауга</p>	<p>Ябс Елизавета Тақпақ айту Біз осылай өсеміз Суда жүзіп өсеміз, Қырда жүріп өсеміз. Күнде қызып өсеміз, Күмда шыжып өсеміз. Таулар көріп өсеміз, Баулар егіп өсеміз. Жеміс теріп өсеміз,</p>	<p>Тоқтарбек Аяла Суреттер қарастыру. "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрактар кою. Сұрактарға толық жауапты талап ету.</p>

	түйіп кеудеге ұстап, жогары-төмен қозғайды). (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)	сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттыгулары арқылы кеңейту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)	дағдыландыру; Ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)	Женіскер боп өсеміз. Талаптанып өсеміз, Қанаттанып өсеміз, Талаптанып, қанаттанып өсеміз! М.Әлімбаев (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік іс -әрекет)	(әлеуметтік-эмоционалды шығармашылық ,коммуникативтік іс -әрекет)
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жақсы көніл-күймен шығарып салу.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін он, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Тексерілді: *Жакенова* Ж.Ж.Жакенова.